

ӘӨЖ 811.512.122(045)
DOI 10.56525/CSRH9667

ТҮРКІ ШЕЖІРЕЛЕРІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРДІҢ ЛЕКСИКА- СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

С.Т. СПАТАЕВА
Ш. Есенов атындағы
Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail: saltanat.spatayeva@yu.edu.kz

Аңдатпа. Қазақстан мен Орталық Азияда дүниеге келген шежірелік сипаттағы жазба мұралардың ономастикалық бірліктерінде сақталып қалған көне тарихи ақпараттарды, тілдік бірліктерді анықтап, олардың қазіргі қазақ тіліндегі нұсқалары зерттелді. Жазбалардағы ономастикалық бірліктерді лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық және олардың шығу тарихы, көне түркі жазбаларымен байланысын сөз ете отырып, қазақ тілінің түркі тілдері арасындағы орнын анықтап, өзімізге қатыстысын жинақтап алу бүгінгі күн талабы. Сондай-ақ, ономастикалық бірліктердің сол кезеңге тән грамматикалық заңдылықтарға сәйкес, яғни түбір сөзден жасалуы мен грамматикалық категориялар арқылы жасалуына назар салынды.

Кілт сөздер: Ономастика, антропоним, этноним, топоним, лексика, семантика, түркі есімдері, қазақ есімдері, шежіре т.б.

Кіріспе. Күллі түркі жұртының қара шаңырағы, Тұран даласының толқымалы талай тарихын басынан өткерген Қазақ даласы бүгінде жоғын түгендеп, барын жүйелеп жатқан жайы бар.

Ертеректе жазылған шежірелер – қазақ халқы мен Орта Азия елдері тарихынан құнды мәліметтер беретін негізгі дерек көздерінің бірі. Осы шежірелерде кездесетін ономастикалық белгілер – мол мәдени ақпаратқа ие, өзіндік уәжділігі бар, шығарманың маңызды құрамдас бірлігі. Шежірелерді тілдік тұрғыда қарастырудың ғылым үшін де, рухани мәдениетімізді түгендеп, толықтыру үшін де маңызы зор.

Шежіре авторлары сол заманның өкілі болғандықтан, қағаз бетіне тек ақиқатты түсіруге тырысқан. Оған Әбілғазы Баһадүрхананың «Түрік шежіресі» еңбегінде: «...Мұны жазғанда бұрынғы Моңғолда, Өзбекте патша болғандардың, кеңесші билердің шыққан тегін, істеген істері мен айтқан сөздерін айтып, үлкен кітап жазсам деп едім, бірақ бұл жұмысты бастаған соң ауруға ұшырадым, науқасым көпке созылып кетті. Сондықтан ішімнен ойладым: егер мен өліп кетсем, кітап жазылмай қалар, өйткені біздің тұқымымызда Иадгар ханнан біз пақырға дейінгі тарихты мендей білетін кісі жоқ, бөтен жұрттың кісісі, сірә, білмес...», - деген сөзі нақты дәлел бола алады [1.39].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің материалы ретінде отандық және қазақ ғалымдарының еңбектері, шығармалары алынды. Мақаланы жазу барысында теориялық материалды жинау, мәтін талдау, саралау, салыстыру әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Әбілғазы Баһадүрханның «Түрік шежіресінде» 116 этноним, 735 антропоним, 280 топоним көрсетілген. Осылардың ішінде Қазақстан картасында 22 аса (Жайық, Сыр (Сырдария), Талас өзені, Сайрам, Түркістан, Шу, Ертіс, Алатау, Алтай, Жем,

Отырар, Алматы, Алмалық, Каспий теңізі, Орал тауы, Маңғыстау, Арқа, Ақсу, Арал т.б.) жер су атаулары кездесе, еңбекте қазақ халқының негізін құрайтын қанлы, қыпшақ, ойрат, найман, керей, қоңырат, үйсін, жалайыр, барлас, дулат, арғын т.б.) этнонимдердің шығу төркініне түсінік берілген.

Шежіре авторы ономастикалық белгілерді түрікше түсіндіруге тырысқан. Мысалы, «...енді бір жерде ағып жатқан суды монғолдар-нұран, арабтар-уады, тәжіктер-руд (үлкен рудхана), түріктер-сай дейді [1.485], деген түсінік береді. Осындағы «нұра» сөзі Орталық Азияның бірнеше елдерінің топонимдерінде кездеседі. «Нұра» атауын таза монғол тілінің «жыра» немесе «нуур» «көл» мағынасындағы сөздерге жатқызатындар бар. Осы жерде Е.Қойшыбаевтың «нұра тұлғасы жер бетінің рельефімен (биіктікпен) байланысты айтылған көне тілдердің қалдығы болуға тиіс деген пікірін естен шығармауымыз керек [2, 194], алайда бұл атау біздің елімізде көбіне суға қатысты (Талдынұра (Қарағанды обл.өзен аты), Нұра (Алматы, Шығыс Қаз.обл.) өзен аттары болғандықтан бұл сөзді «ағынды су» мағынасындағы көне атау ретінде қарастырғанымыз дұрыс.

ХҮ-ХҮІІ ғ.ғ. аралығында жазылған шежірелердің барлығында Сырдария өзені аталады. Бір еңбектің өзінде атаудың «Сыр суы», «Ходжент суы» деген әр кезеңдегі нұсқалары кездеседі. Сондай-ақ Қожа Мұхтар Баһадүрұлы өзінің «Ортағасырлық Отырар: тарихи археологиялық деректер негізінде» деген докторлық диссертациясында Сырдария өзені Шаш өзені, Ходжент өзені бірде Фараб өзені, Шыр деген атауда да қолданылған деп жазды.

Түрік шежіресінде біздің тілімізде мағынасы түсініксіз атаулар көп. Соның ішіндегі Ханқар/Қанқар атауы Сырдарияның ҮІІ ҮІІІ ғ.ғ. аталған тағы бір нұсқасыболуы мүмкін. Қазақстан тарихының І томында (Атамұра 1996 ж.) мынадай жолдар бар: В ҮІІІ веках в области между Аральским морем и Средней Сырдарьей шел процесс формирования этнической общности Кангарских племен. Река Сырдария в арабских и китайских источниках носит название Кангар. Кенгересы орхонских древнетюркских надписей, кангары византийского автора Константина Багрянородного (X в.) и хангикаши арабского географа ал Идриси (XII в.) разные варианты одного племенного названия кангар, сохраняющая кангарскую этнонимическую традицию. Очевидно, кангары были элитарной правящей группой [3, 38]. Осы тайпаның тұрғылықты жері болғандықтан араб, қытай тарихшылары Сырдарияны «Кангар суы» деп атаған болуы мүмкін. Қазіргі таңдағы Сырдария сөзі парсы тілінен келген. Ал батыс елдерінде шы ғасырға дейін бұл өзенді грек тіліндегі «Яксарт» атауымен атаған.

Сонымен Сырдария атауы XIII ғасырдың басында пайда болды. Сөздің шығу төркініне қатысты пікірлер көп. Алғаш рет пікір айтқан А.Левшин: «дарья в татарском языке, есть нарицательное имя всякой реки. Сыр значит желтый». Одан кейінгі С.Г.Кляшторный, Қ.Өмірәлиев пікірлерінен үзінді келтіре отырып, А.Әбдірахманов: «Бұл гидронимнің көне түрі сил мен жаңа түрі сыр ескі иран тілінен аударғанда «інжу» деген сөз. Біздің байқауымызша, Сырдария атауы шығу төркіні жағынан иран тіліне тән,-деп тұжырымдайды Т. Жанұзақ.

Жалпы, жоғарыда аталған жер-су атаулардың Қазақ елінің картасында кездесіп жүргендерінің барлығы дерлік мағынасы көмескі көне атаулардың қатарына жатады. Олардың көбісі осы уақытқа дейін әр түрлі аталып, әр кезең тарихына куә болған. Мысалы, Алматы (Алмату, Верный, Алма Ата) атауы жайында ХҮ ХҮІІ ғ.ғ. жазылған шежірелік дастандардың бірнешеуінде кездеседі. Алатаудың етегіндегі Алмату қаласы туралы алғашқы жазба деректер Рашид ад Диннің шығармаларында көрсетілген. Бабыр Захир Мұхаммедтің «Бабырнамасында» Алмату, Алмалық қалаларының Шыңғыс шапқыншылығы кезінде қирағандығы туралы жазады [4, 20]. Атау құрамындағы «алма»

сөзінің мағынасы түсінікті, ал ту жұрнағы ту\ты көне түркі тіліндегі көптікті білдіретін жұрнақ екенін Әбілғазы Баһадүрхан «Түрік шежіресінде» келтіреді. Байқап отырсаңыз, шежіреде кездесетін ономастикалық бірліктер бір немесе екі құрамнан болып келеді.

Шығармалардағы «қожа» сөзі ономастикалық бірліктермен тіркесіп келіп, әр түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, антропонимдермен тіркесіп, сол кезеңде өмір сүрген Орта Азия халықтары, анығырақ айтқанда, мұсылман халықтарында білгілі-бір «атақ, дәреже» ретінде қолданылған. Мәселен, Қожа Рашидаддин Фазлаллахб Қожа Баһааддин Накшбанды, Қожа Мұхаммед, Жүсіп Жақып, Қожа Абдоләзиз, Жәми Қожа Абдолла, Қожа Абдолхак, Қожа Салих, Қожа Хасан, Қожа Шариф Қашкари т.б. (Тарихи Рашиди), Қожа Жүсіп, Қожа Камал, Қожа Ұбайдолла, Қожа Құмайын бек, Қожа Ахмед Дарзи, Қожа ағзам т.б. (Бабырнама), Әли Қожа Бұхари, Илияс Қожа, Хәзір Қожа, Токқұл хожа ұғлан, Той хожа ұғлан, Хожа Ғабит, Хожа Мұхаммед, Назар хожа т.б. (Түркі шежіресі) есімдеріндегі «қожа» сөзінің мағынасы ерекше. Мырза Хайдардың «Тарихи Рашидинен» алынған Қожа Рашидаддин Фазаллах. Қожа Баһааддин Накшбанды оқырманға бұрыннан таныс «Жам-и ат-Тауарих» [5, 172 б.], «Макам» [5. 410] еңбектерінің авторлары. Аталған есімдер әлемге әйгілі оқымыстылар, көзі ашық, мұсылманша жоғары білімді, хат таныған, сопылық жолдағы тұлғалар болған. Мырза Хайдардың «Тарихи Рашиди» еңбегінде: «Ханның (Саид хан туралы) дәруіш болуы үшін хандық тағынан бас тартқысы келетіндігі жайында және ол шешімін қалай өзгерткені жөнінде әңгіме» деген 71-тарауында ханның Қожа Ахмет Иассауи шейхтарын құрмет тұтатыны және оның уағыздарын орындайтындығы, соның қағидасын ұстанып жағымсыз тағамдардан сақ болатындығы жөнінде айтылған. [5, 410]. Яғни, «қожа» сөзі бұл жерде «сопы, дінді уағыздаушы» деген мағынада қолданылып отыр. Осы уақытқа дейін жинақталған тарихи-этимологиялық деректер бойынша «қожа» сөзінің араб-парсы атау ретінде «дін уағыздаушы» деген мағынасына қоса, түркі сөзі ретінде де өзіндік мағынасының бар екенін байқауға болады. Әйгілі шығыс тарихының білгірі, ғұлама ғалым Фазлаллах Рашид-ад-диннің «Оғызнама» атты еңбегінде осы сөзге былай түсінік берді: «Среди этих стариков был один весьма дальновидный, умный, бывалый, постигший все житейские премудрости, которого звали нуши Ходжа (что на тюркском языке означает «пожилой человек», а на монгольском языке «Калсынку»). На тюркском языке пожилых называют «ходжа». Ибо слово ходжа в действительности тюркское, но не персидское или арабское» [6, 32 б.], сондай-ақ, Ахмет Йүгінеки өзінің «Ақиқат сыйы» атты кітабында «хожа» сөзін «қарт, қария» мағынасында қолданған: «Йигит хожа блур, йагы ескиур» [7, 30]. Бұл жыр жолын Берікбай Сағындықұлы: «Жас қартаяды, жаға ескіреді», - деп аударған. Байқағанымыздай, ХҮ ХҮІІ ғ.ғ. жазбаларындағы ономастикалық бірліктермен тіркесіп қолданылған «қожа» сөзінің мұсылман дініне байланысты «дінді уағыздаушы, сопы, білімдар адам» деген мағынасымен қоса, түркі халықтарында «қарт, қария, асқсақал» мағынасында да қолданылған екен. Бүгінгі күнде де «қожа» сөзі Түркияда кәсіпқой дін иесіне, сонымен қатар, ұстазына құрметтеп атағанда айтылады;

Екіншіден, ХҮ-ХҮІІ ғ.ғ. жазбаларында ономастикалық белгілер құрамында кездесетін «қожа» сөзі адам есімі ретінде де қолданылған. Қожа Пір Бақауыл, Қожағұл, Қожағабит, Қожамұхаммед, Қожа қалан деген кісі есімдері;

Оған дәлел Мендіқожа (Меңліхожа) есімі. Менді түркі есімі. Менді, мені бар деген мағынадағы есім. Менді сөзімен түркі тілдерінде көптеген есімдер жасалған. Көне замандарда баланың бойындағы «мең» бақыт әкеледі деген сенім болған, сондықтан бойында мені бар балаға «бақытты болады» деген түсінікпен, менді компоненті бар есім қойылған. Кейде нәрестенің бойындағы менді туғаннан кейін біршама уақыт өткенде байқаған жағдайда, оның есімін өзгертіп, менді компоненті бар жаңа есім қоятын кездер де болған. Мең, менді сөздері сонымен қатар әдемілікті, сұлулықты да білдірген [8, 267]. Ал,

есімнің екінші компоненті «қожа» парсы сөзі. Бұл сөздің сөздіктерде: 1. Қожайын, еге, мырза. 2. Зор білім иесі, насихатшы, ұстаз. 3. Асыл текті, ақсүйек, пайғамбардың ұрпағы деген мағыналары көрсетілген. Көне түркі тілінде бұл сөздің мағынасы «ходжа» - ақсақал, қарт [8, 233].

Үшіншіден, «қожа» сөзі ономастикалық белгілер құрамында жер-судың, қала, елдімекен атауы ретінде қолданылған. Қожа Рабат, Хожа көлі, Қожажанқала, Қожа Дидар қамалы, Қожа Риг-и қыраты, Қожа Се-Яран бұлағы т.б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «қожа» сөзін: «Белгілі бір заттың, нәрсенің иесі, бастығы» деген мағынада қолданылады [8, 507] деп жазылған. Яғни, мұндағы «қожа» сөзі қожа өмір сүрген жер болғандықтан, қожа қаласы, қожа көлі мағынасында, сонымен қатар жер-судың құрамындағы «қожа» сөзі үлкен, таза деген мағыналарда қолданылып тұруы мүмкін.

Қорытынды. Ономастикалық атаулардың тілдік ерекшеліктері, этимологиясы, лексика-семантикалық сипаты жан-жақты қарастырылып, біршама жүйеленді деп, шежірелердегі атаулардың біздің тілімізге, еліміздің тарихына қатыстысын сүзіп ала алған жоқпыз.

Олай болса, өткен дәуірдің қоғамдық әлеуметтік, мәдени тарихынан мол дерек беретін ономастикалық бірліктердің тілдің құрылымдық тарихын зерттеуде маңызы зор. М.Томанов: «Ономастикалық материал тілдің лингвистикалық және экстралингвистикалық жолдарының бірлікте болатынын дәлелдейді. Ономастикалық атаулар көбіне қалыптасқан сөз өзгеру жүйесінің аумағына сыймайды. Олар тілдің даму барысында жоғалып кеткен сөз өзгерту модельдері бойынша жасалған болып келеді немесе ұмытылып кеткен мағынаны өз бойында сақтауы мүмкін [9, 108].

Ономастикалық атауларды зерттеудің маңызы зор, өйткені халық жадынан өшіп бара жатқан атауларды, олардың этнографиялық мәнін талдауымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1]. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 12-т. Әбілғазы. Түрік шежіресі/Құраст.: Б.Әбілқасымұлы.-Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011.-496 бет.- (Әдеби жәдігерлер)
- [2]. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттар сөздігі.-Алматы: Мектеп, 1985-256 бет.
- [3]. Тұрсынқұлов Қ. Қазығұрт: аңыз бен ақиқат (Әдеби-танымдық эссе және көркем шығармалар).-Алматы: «Тоғанай Т», 1998.-336 бет.
- [4]. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. Алматы: Ататек, 1993.-448 бет.
- [5]. Дулати М.Х. Тарих-ии Рашиди. Алматы.: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003.-616 б.
- [6]. «Огуз наме», Баку, «Элм», 1987 ж.
- [7]. Ахмет Йүгінеки. Ақиқат сыйы. – Алматы, 1995.
- [8]. Түркі есімдері: қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт. I том / даярлаған «Алаш» мәдениет және рухани даму институты. – Астана: «Астана полиграфия», 2012. 1 том – 320 б.
- [9]. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.-Алматы: Мектеп, 1988.-264 бет.

REFERENCES

- [1]. Ädebî jädigerler. Jürma tomdıq. 12-t. Äbilğazı. Türik şejiresi/Qurast.: B.Äbilqasımılı.-Almatı: «Taymas» baspa üyi, 2011.-496 bet.- (Ädebî jädigerler)
- [2]. Qoyşıbaev E. Qazaqstannıñ jer-sw attar sözdigi.-Almatı: Mektep, 1985-256 bet.
- [3]. Tursınqulov Q. Qazığurt: añız ben aqıqat (Ädebî-tanımdıq ésse jäne körkem şığarmalar).-Almatı: «Toğanay T», 1998.-336 bet.

- [4]. Babır ZaxİR ad-dİN Muxammed. Babırnama. Qazaqşa sÖyletken Bayuzaq Qojobekulı. Almatı: Atatek, 1993.-448 bet.
- [5]. Dwlattı M.X. Tarİx-İİ Raşİdİ. Almatı.: M.X.Dwlattı qoğamdıq qorı, 2003.-616 b.
- [6]. «Oguz name», Bakw, «Élm», 1987 j.
- [7]. Axmet Yüginekİ. Aqİqat sıyı. – Almatı, 1995.
- [8]. Türki ecimderi: qazaq, qaraqalpaq, noğay, tatar, başqurt. I tom / dayarlağan «Alaş» mädenİet jäne rwxanİ damw İncİttwtı. – Actana: «Actana polİgrafiya», 2012. 1 tom – 320 b.
- [9]. Tomanov M. Qazaq tiliniñ tarİxİ grammatİKası.-Almatı: Mektep, 1988.-264 bet.

Спатаева Салтанат Тойлыбековна

кафедра «Казахской филологии», магистр педагогических наук, старший преподаватель

Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова, Актау, Казахстан

**ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКАЯ ЗНАЧЕНИЯ ОНОМАСТИЧЕСКИХ
ЗНАКОВ В ТЮРКСКИХ ЛЕТОПИСЯХ**

Аннотация. Выявлены древние исторические сведения и языковые единицы, сохранившиеся в ономастических единицах генеалогического письменного наследия, рожденных в Казахстане и Средней Азии, и изучены их варианты в современном казахском языке. Сегодняшнее требование – определить место казахского языка среди тюркских языков и собрать родственные нам, при этом о лексико-семантических, лексико-грамматических единицах в сочинениях, а также историю их происхождения и связи с древнетюркскими письменами. Обращалось внимание также на то, что ономастические единицы создаются по типичным для того периода грамматическим законам, т. е. создаются из корневых слов и грамматических категорий.

Ключевые слова: ономастика, антропоним, этноним, топоним, лексика, семантика, турецкие имена, казахские имена, генеалогия и др.

Spatayeva Saltanat Toilybekovna

Department of "Kazakh Philology", Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer Caspian University of Technology and Engineering. Sh. Esenova, Aktau, Kazakhstan.

**LEXICAL-SEMANTIC MEANINGS OF ONOMASTIC SIGNS IN TURKIC
CHRONICLES**

Annotation. The ancient historical information and linguistic units preserved in the onomastic units of the genealogical written heritage born in Kazakhstan and Central Asia were identified, and their versions in the modern Kazakh language were studied. Today's demand to determine the place of the Kazakh language among the Turkic languages and to collect the ones related to us, while talking about the lexical-semantic, lexical-grammatical units of the onomastic units in the writings, as well as the history of their origin and connection with the ancient Turkic writings. Attention was also paid to the fact that onomastic units are created according to the grammatical laws typical of that period, they are created from root words and grammatical categories.

Key words: onomastics, anthroponym, ethnonym, toponym, vocabulary, semantics, Turkish names, Kazakh names, genealogy, etc.